ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 29 қаңтар №1112-25-00-2/7 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Swallow» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының "Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Swallow» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы – қанағаттандырылсын.

«Swallow» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Swallow» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 903 (тоғыз жүз үш) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 1 873 (бір мың сегіз жүз жетпіс үш) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Г. И., 29.01.2025

Дата вступления в законную силу: 07.03.2025, судья Нургалиева Г. И., 12.03.2025

1112-24-3-1/4720